

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Тәрбиеші-болу бір бақыт.

ЖАРИЯЛАНДЫ
01.06.2024СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/155092/

Түселбай Майра, Қарақия ауданы бойынша білім бөлімінің жедел басқару құқығындағы «Еркемай» бөбекжайының педагог-модераторы Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, Мұнайшы ауылы

Тәрбиеші – болу бір бақыт.

Мен балабақшада тәрбиеші болып жұмыс істегеніме еш өкінбеймін. Тәрбиеші- ол балаға бағыт-бағдар, тәлім тәрбие беретін отбасынан кейінгі екінші анасы.Тәрбиешілер- ішкі жан-дүниесі бала жандар. Мен үшін балалармен жұмыс жасау – үлкен бақыт. Себебі тек қана бала ешнәрсеге алаңдамай мейірімділікке сенеді,кішкентай алақандарын менің алақанымға қойып өз құпияларын айтып маған сенім білдіреді. Пәк көңілді балалармен қарым-қатынас маған қуаныш, шаттық сыйлайды. Осы жолда жақсы нәтижеге жету үшін – ізденіс, талапшылдық және шығармашылық.

Балабақшадан балалардың алатын тәрбиесі көп деп ойлаймын. Әр баланың мінезі әр түрлі болып келеді. Бірі жылдам болса, бірі баяу, бір бала өз-өзімен отырғанды жақсы көреді.Балабақшадан балалардың алатын тәрбиесі өте-көп. Бұл жолда үлкен ізденіс, парасат қажет.Ендеше тәрбиеші әр күнді үлкен ізденіспен өткізу керек деп ойлаймын.

«Ұзтасдық еткен жалықпас , үйретуден балаға» деп ұлы Абай атамыз айтқандай, менің де осы мамандық иесі атағанымға сегіз жыл болыпты. Шын жүректен қалаған мамандығың әр кезде де жақсы жетістіктерге апарары сөзсіз.Ал тәрбиеші болу – айтуға оңай болғанымен , қиыны мен қызығын қатар алып жүретін, елдің ертеңгі болашақ азаматтарын тәрбиелейтін тәрбиелі адам болу. Білдіршіндеріміз балабақшаға бар ынтасымен, қуанышты көңілмен келсе, мақсатымыздың орындалғаны деп есептеймін. Өзімді бақытты ұстаз, бақытты тәрбиешімін деп сезінемін.Өз мамандығымызды сүйе білейік!

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.